



Мен сенімдімін: біз бастаған кең ауқымды реформалар қоғамдық сананың кеңейтілген жаңғыруымен бірге жүруі керек. Ол тек саяси және экономикалық жаңғыртуды толықтырып қана қоймай, олардың өзегі ретінде әрекет етеді.

Қ.Тоқаев

Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту. Ұлы даланың жеті қыры. Университет қоғамдық сананы жаңғырту драйвері ретінде. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 72 б.

Бұл басылымда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында және ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласының басты тұжырымдары негізінде жүзеге асып жатқан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жобалары ұсынылған.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	5
--------------	---

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН ҚОҒАМДЫҚ САНАДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ, БЕКІТУГЕ ЖОБАЛАР ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Тәрбиелік инновациялық жобалар	8
Мен жастарға сенемін!	12
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі ғылыми білім беру кластері	14
«Sanaly urpaq» жобалық кеңсесі	15
«Өнегелі өмір» кітаптар сериясын шығару	18
«Біздің элита» кітаптар сериясын шығару	19
Түлектер күні	20
«Мәңгілік ел» сәулет кешені	22
Наурыз – ұлттық мәдениет дәстүрлерінің сабақтастығы	24

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ ИМПЕРАТИВТЕРІНІҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

Білім беру бағдарламаларын жаңғырту	30
Жаңа оқулықтарды енгізу	31
Қазақстан ашық білім беру ұлттық платформасы	32
Тәжірибе мен инновациялардың нақты өндіріс, ғылым және білім арасындағы трансфері	34

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕР ҰЙЫМДАСТЫРУ, ҒЫлыми АЙНАЛЫМҒА ЖАҢА ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІН ЕНГІЗУ

Ғылыми зерттеу жобалары	38
Алматының электронды атласы	39
Сирек және құнды басылымдар қоры	40



Бірінші түркітану съезінің стенографиялық есебін қайта басу	41
«Ұлы даланың жеті қыры» мұражайы.....	42
Хұндардың бірегей әліпбиі.....	44
Айбатты Аттила туралы фреска.....	44
«Қазақ елі» тарихи көркемдік кешені	45
«Айқап» журналы	48
Жібек жолы университеттер желісінің жазғы археологиялық кампусы	49

УНИВЕРСИТЕТКЕ ЕСІМІ БЕРІЛГЕН ҰЛЫ ОЙШЫЛ ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫН НАСИХАТТАУ

Әл-Фараби – Ұлы даланың Ұлы есімі	54
«Әл-Фараби» халықаралық орталықтар желісі	55

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАРДАРЛАМАСЫН АЛҒА ЖЫЛЖЫТУ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУҚЫМДАҒЫ БІРЕГЕЙ ЖЕТІСТІКТЕРІ

«Университет 4.0» – жаңа буын университет моделі.....	60
«Университет 4.0» моделін әлемдік қолдау	62
«Қайырымды қоғам азаматтарын қалыптастыру. Заманауи университеттердің миссиясы» халықаралық жоба	63
Дүниежүзілік форумдар	64

ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ҮЙЛЕСТІРУ БОЙЫНША ШАРАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

Университеттің әлеуметтік жауапкершілігі.....	68
«Қоғамға қызмет ету» бойынша жобалар	70



КІРІСПЕ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы қазақстандық қоғам дамуының маңызды құрамын іске қосты және қоғамдық сананың барлық деңгейіне – іргелі құндылықтарға, менталдық ұстанымдарға, идеалдарға, көзқарастарға, адам психологиясына қозғау салатын тектоникалық өзгерістерге бастау болды. Олардың терең мағынасы ұлттың санасын алға жылжытуға кедергі келтіретін нәрселерден босатумен және алдыңғы қатарлы, прогрессивті қоғамдық ойлауды жаңғыртудың маңызды қағидаттары негізінде қалыптастырумен байланысты. Рухани жаңарудың негізгі құралдарының бірі ҚР Тұңғыш Президенті «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында баяндаған тарихи сана мен дүниетанымды жаңғырту болып табылады.

Университеттер адам капиталын қалыптастыру субъектілері ретінде тек жоғары білімді кәсіби мамандарды ғана емес, сонымен қатар жоғары рухани ынтасы мен жауапкершілігі бар ел азаматтарын да қалыптастыра отырып, қоғамдық сананы жаңғырту драйвері болуға тиіс.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының және Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының негізгі ережелері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметінде келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылуда:

– «Рухани жаңғыру» құндылықтарын және Ұлы дала жетістіктерін қоғамдық санада қалыптастыру және бекіту жөніндегі жобаларды әзірлеу және енгізу;

– «Рухани жаңғыру» бағдарламасының императивтерін білім беру үдерісіне интеграциялау;

– қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттары бойынша зерттеулер ұйымдастыру, ғылыми айналымға жаңа деректердің қайнар көздерін енгізу;

– университетке есімі берілген ұлы ойшыл әл-Фарабидің мұрасын танымал ету;

– «Рухани жаңғыру» бағдарламасын және Ұлы даланың бірегей жетістіктерін халықаралық ауқымда ілгерілету;

– қоғамдық қатынастарды үйлестіру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру.

Осы бағыттар бойынша жүзеге асырылатын жобалар бәсекеге қабілетті мамандарды ғана емес, сонымен қатар жоғары этикалық қағидаттар негізінде үйлесімді, ізгілікті және тұрақты қоғамды құруға өз үлесін қосуға қабілетті саналы азаматтарды қалыптастыру жөніндегі миссияны табысты іске асыруға ықпал етеді.




ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ә.ЖОЛДАСБЕКОВ аты
СТУДЕНТТЕР САЛЫ

ӘЛ-ФАРАБИ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ У

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ
МЕН ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН
ҚОҒАМДЫҚ САНАДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ,
БЕКІТУГЕ ЖОБАЛАР ӨЗІРЛЕУ
ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**








Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.

Н. Назарбаев

ТӘРБИЕЛІК ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы ел және әлем азаматтары ретінде жаңа формация мамандарын қалыптастыру жүйесін құрудағы басты бағдар болып табылады.

Студенттердің Рухани жаңғыру құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершіліктің жаңа әлеуметтік тәжірибелері мен жаңаруға ішкі ұмтылысын қалыптастыру мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да тәрбиелік инновациялық жобалар іске асырылуда.


	«Жемқорлықтан тыс университет»	■ Әр студент Ар-намыс және академиялық адалдық кодексін сақтау керек
	«Айналаңды нұрландыр!»	■ Әр студент қоғам пайдасы үшін қайырымды іспен айналысуы керек
	«100 кітап»	■ Әр студент 100 кітапты оқу керек
	«Салауатты дене мәдениеті»	■ Әр студент салауатты өмір салтын ұстануға және спортпен шұғылдануға дағдылану керек
	«ҚазҰУ – GREEN CAMPUS»	■ Әрқайсымыз кампустың «жасылдану» дамуына өз үлесімізді қосуымыз керек

Олар оқыту мен тәрбиелеу өмірмен байланыс принципін жүзеге асыру негізінде жастардың белсенді, дербес және бастамашыл ұстанымын және әр студенттің тәрбие мақсатына жету процесіне жеке қатыстылығын қалыптастырады.



ҚАЗҰУ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ ЖОБАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТЫ:

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ
НЕГІЗІНДЕ АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ
ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ЖАСАУ
ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**



ЖЕМҚОРЛЫҚТАН **ТЫС** УНИВЕРСИТЕТ









Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса, ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады. Мен жастарға сенемін!

Н. Назарбаев

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!

Постиндустриялық қоғам жағдайында мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігі жоғары технологиялармен және инновациялармен айқындалады. Тұңғыш Президент атап өткендей, Қазақстанға ғылым мен инновацияларды көтеретін және 4.0 индустриясын құратын креативті ұрпақ қажет. Осылайша ғана жаһандық технологиялық трендтерге сәйкес елдің дамуын және оның әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге болады.

Интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетті ынталандыру мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Мен жастарға сенемін!» республикалық патриоттық форум ұйымдыстырылды.



Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті
күніне арналған

**МЕН
ЖАСТАРҒА
СЕНЕМІН!**

студент жастардың
республикалық
патриоттық форумы



Форум аясында жыл сайынғы байқаулар өткізіледі:

- «Елдің инновациялық дамуына менің нақты қосқан үлесім» атты студенттік инновациялық әлеуметтік маңызды жобалар»;
- «Мен өз елімнің өркендеуі үшін не істей аламын?» атты студенттік эссе;
- «Мен жастарға сенемін!» тақырыбында студенттік поэзиялық азаматтық-патриоттық шығармалар;
- «Мәңгілік Ел – мұратым!» тақырыбына патриоттық әндер орындаушылар.



2018 жылы «Мен жастарға сенемін!» форумының ұйымдастырушылар комитеті Қазақстанның 73 ЖОО студенттері арасынан 2 мыңнан астам жұмыс қабылдады

Сонымен бірге жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді.

Алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек.


Н. Назарбаев

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ БІЛІМ БЕРУ КЛАСТЕРІ

Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары санасын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру қоғамда бірінші орынға шығады. Сыбайлас жемқорлық – бұл ұлттың дамуын тежейтін, адамға бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік бермейтін және Сананың ашықтығы мен прагматизмнің дамуына кедергі келтіретін қоғамның әлеуметтік ауруы. Біздің мемлекетіміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы моделін дамытуды жүзеге асыруда білім беру ұйымдары үлкен рөлге ие, өйткені білім беру жүйесі мен тәрбие арқылы қоғамның болашақтағы даму құндылықтары мен мінез-құлық үлгілерін анықтау өзекті.

Осыған байланысты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша ғылыми білім беру кластері құрылды. Ол «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар ҒЗИ және «Азаматтық бақылау» қоғамдық қабылдау бөлмесінің қызметін қамтиды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ БІЛІМ БЕРУ КЛАСТЕРІ ҚҰРЫЛДЫ





«SANALY URPAQ» ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕСІ



Жоба мақсаты

Білім беру саласында жемқорлықты жою, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау жалпыға ортақ білім беру жүйесі арқылы қалыптастыру

Жоба мақсаты

Патриот, бәсекеге қабілетті және прагматик жастар жемқорлықтан ада Қазақстанда тұруға бет алған

Жоба стратегиясы

Еліміздің білім беру ұйымдарында алдағы уақытта ең үздік тәжірибені пайдалану мақсатында пилоттық бағыттарды сынақтан өткізу және іске асыру

Жоба бағыты

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет

Білім беру ұйымдарының таза және ашықтығы

Академиялық адалдық

Білім беру саласындағы жемқорлыққа қарсы заңдар

Ақпараттық қолдау







Біз «Жаныңда жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш. Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек. Біз ұлттың алтын қорын құрайтын адамдарды білуіміз керек.

Н. Назарбаев

«ӨНЕГЕЛІ ӨМІР» КІТАПТАР СЕРИЯСЫН ШЫҒАРУ

«Өнегелі өмір» жобасының мақсаты – Тәуелсіз Қазақстанның дамуына үлес қосқан университет түлектерінің, ғалымдардың, педагогтердің, мәдениет қайраткерлерінің, Мемлекеттік және қоғам қайраткерлерінің жоғары кәсібилігі мен табыстылығының, патриотизмінің және бәсекеге қабілеттілігінің үлгісі ретінде жас ұрпақты тәрбиелеу. Осы сериямен «Қазақ университеті» баспа үйі 173 кітап шығарды.





«БІЗДІҢ ЭЛИТА» КІТАПТАР СЕРИЯСЫН ШЫҒАРУ

Біздің замандастарымыздың кәсіби жетістіктерін насихаттау мақсатында Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың танымал түлектері туралы алғаш рет үш томдық «Bizdiñ elita – Наша элита» атты кітап жарық көрді. Жобада көрнекті тұлғалар туралы 670 қысқаша очерк келтірілген.

Бұл – Қазақстанның бірінші классикалық университетінің жетілуі мен дамуына және оның әлемдік деңгейдегі қазіргі заманғы ғылыми зерттеу университетіне айналуына ықпал еткен, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауға қатысқан жандар туралы бірегей басылым.

Отандық іргелі және қолданбалы ғылымның, мәдениеттің қуатты дамуына, әл-ауқаттың өсуіне ықпал еткендердің ғылыми ізденістері туралы басылым.

Инновациялық экономиканың, кәсіпкерлік бастамалардың, меценаттық пен спорттың дамуына себепші болған адамдардың жұмысы туралы еңбек.

Сонымен қатар Тәуелсіз Қазақстанның саясаты мен идеологиясының бастауында тұрған, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға үлес қосқан адамдар туралы кітап.



«Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады». Шағын Отанға деген шынайы сүйспеншілік үлкен Отанға, туған мемлекетке деген махаббатты қалыптастырады.

Н. Назарбаев

ТҮЛЕКТЕР КҮНІ

Жыл сайын мамыр айының соңғы сенбісінде Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында және факультеттерде «Туған жер» университет бағдарламасы аясында жалпы университеттік мереке – Түлектер күні атап өтіледі.

Көптеген түлек туған жоғары оқу орны мен ұстаздарына құрмет белгісі ретінде студенттерге шәкіртақы тағайындайды, қайырымдылық акцияларға қатысады, шеберлік сыныптарын өткізіп, кафедралар мен факультеттерге барынша көмек көрсетеді.





ҚазҰУ түлектері елімізде алғашқы болып эндаумент-қор құрды. Меценаттар есімі Құрмет тақтасына жазылады, сонымен бірге «Bizdiń elita – Наша элита» кітабына енді.



Альма-матер келбетінің өзгеруін, ғылыми білім беру үдерістерін, кафедралардың материалдық-техникалық базасын жабдықтауды қаржыландыру, үздік студенттерді шәкіртақылармен марапаттау, атаулы аудиторияларды ашу – күнделікті жүйелілік арнаға көшкен, әдеттегі тәжірибеге айналды. Университет дәстүрлеріне ерекше назар аудару – бұл әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектері патриотизмінің маңызды белгісі.



Мәңгілік ел – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді.

Н. Назарбаев

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» СӘУЛЕТ КЕШЕНІ

«Мәңгілік Ел» сәулет кешені – Елбасының «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру жолында мемлекеттік жеке серіктестік қағида негізінде монументалды-көркемдік бейне құру бойынша ҚазҰУ ұжымы мен түлектерінің бастама танытқан жобасы.

Сәулет кешені бірнеше монументалды нысанды қамтиды:

1. ЖОО-ның визит карточкасына айналған «Мәңгілік Ел» триумфальды аркасы;
2. ҚазҰУ қалашығының жаңа субұрқақтары – әл-Фараби алаңындағы «Мәңгілік Ел» және бірлік пен берекені, молшылықты бейнелейтін «Тайқазан»;
3. Жаңа композициялық блок – 25 метрлік Стела төбесіне дейін үш қақпамен бекітіліп, басына «Алтын қазық» сегіз қырлы жұлдызы орнатылған. «Мәңгілік Ел» сәулет кешені тарихи сана-сезімді дамытуға және қазақстандық жастарды патриоттық тәрбиелеуге негіз болатын Алматы қаласының көрікті жерлерінің біріне айналды.



Қазақстан 2050
МӘҢГІЛІК ЕЛ



*Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса,
ешқандай жаңғыру болмайды.*

Н. Назарбаев

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Наурыз мейрамы – Ұлы даланың ең көне мерекелерінің бірі. Бүгін бұл мереке жаңа рухани-этикалық мағынаға ие болды және барлық қазақстандықтар үшін мейірімділіктің, бейбітшіліктің, бірлік пен толеранттылықтың нышаны болып табылады және ұлттық мәдениет дәстүрлерінің сабақтастығын сақтай отырып, заманауи өмірмен үйлесімге енді.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Наурыз мерекесі халықаралық ауқымға ие болып отыр және 8 жыл бойы Қазақстанда тіркелген шетелдік дипломаттар мен халықаралық ұйымдардың, академиялық және ғылыми қоғамның, түлектердің, БАҚ өкілдерінің, оқытушылардың, студенттердің және олардың ата-аналарының қатысуымен өтуде.

Құрамында 2,5 мыңнан астам студент бар көркемөнерпаздар студенттік ұжымының күшімен театрландырылған көріністегі қазақ мәдениетінің, халқымыздың үздік дәстүрлерінің ұлылығын көрсету жыл сайын шетел қонақтары арасында үлкен қызығушылық пен оң резонанс тудырады.

2019 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Наурыз мерекесі Тұңғыш Президент – Елбасының «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» атты мақаласының жарыққа шыққанына 2 жыл толуына орайластырылды.

2019 жылдың 13 сәуірінде Студенттік кампуста Ұлы даланың жеті қырының бірін бейнелейтін алма бағы салтанатты түрде отырғызылды.







КОВ атындағы
Р САРАЙЫ





ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ЖОЛДАСҚЫЗОВ аты
СТУДЕНТТЕР САЛМЫ

ӘЛ-ФАРАБИ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ У

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»
БАҒДАРЛАМАСЫ ИМПЕРАТИВТЕРІНІҢ
ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯСЫ**



Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз.

Н. Назарбаев

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖАҢҒЫРТУ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын білім беру бағдарламаларының мазмұнына интеграциялау мақсатында 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап бакалавриаттың барлық мамандықтарының оқу жоспарларындағы жалпы білім беру пәндері цикліне «қазіргі қоғамның әлеуметтік-саяси және тарихи негіздері» және «қазіргі экономиканың жаһандық сын-қатерлері» модульдері енгізілді. Олардың мазмұны толықтай «Рухани жаңғыру» бағдарламасының құндылықтарына бағытталған.

Негізгі оқу жоспарына «Рухани жаңғыру» бағдарламасына бағытталған жаңа модульдер енгізілді

<p>1 Қазіргі қоғамның әлеуметтік-саяси және тарихи негіздері / Социально-политические и исторические основы современного общества / Socio-political and historical foundations of modern society</p>	Студенттер саны
	2017- 2018 Оқу жылдары 3650
<p>2 Заманауи экономиканың жаһандық өктемдіктері / Глобальные вызовы современной экономики / Global challenges of Modern Economy</p>	2018-2019 Оқу жылдары 6932
<p>Жалпы білім беретін пәндер (ЖББП)</p> <p>→ ТАҢДАУ ПӘНІ</p>	

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлеуметтік-саяси пәндер модулінің жаңартылған мазмұны бар типтік оқу бағдарламаларын әзірлеушілердің бірі:

- 1) әлеуметтану;
- 2) саясаттану;
- 3) мәдениеттану;
- 4) психология.



Болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады.

Н. Назарбаев

ЖАҢА ОҚУЛЫҚТАРДЫ ЕНГІЗУ

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын іске асыруда 91 пән 115 мамандық бойынша 17 жаңа оқулық оқу бағдарламасына енгізіліп, жалпы 100 % білім алушыларды қамтыды.

Университет оқытушылары оқу үдерісіне әлеуметтану, психология, мәдениеттану, философия, саясаттану, экономика, журналистика және филология бойынша жаңадан шыққан оқулықтарды енгізу бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеп, жариялады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың біліктілікті арттыру институтының базасында әлеуметтік-саяси білім модулінің «Жалпы білім беру пәндері» циклінің жаңартылған мазмұны бойынша ҚР ЖОО оқытушылары үшін біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылды.



Сананың ашықтығы, аума-төкпе заманда қоғамның және әрбір адамның өзгеріске дайын болуы. Бұл көзқарастар қоғамдық сананың жаңғыруы үшін іргелі негіз болады.

Н. Назарбаев

ҚАЗАҚСТАН АШЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҰЛТТЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ

Қазақстан білім беру жүйесі үшін маңызды оқиға – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қазақстан жоғары мектебінің Ұлттық ғылым академиясымен (ҚЖМҰҒА) бірлесе отырып Қазақстанның ашық білім беру ұлттық платформасын (ҚАББҰП) moocs.kz-ке іске қосуы.

Бүгінде Қазақстанның ашық білім беру ұлттық платформасы онлайн курстарды пайдалана отырып білім беру бағдарламаларын іске асыруда желілік өзара қарым-қатынас үшін 20-дан астам серіктес жоғары оқу орындарын біріктіреді.

ҚазҰУ өзінің жеке жалпы ашық онлайн курстарын (ЖАОК) құру жұмыстарын жүргізеді. Бүгінде платформада гуманитарлық, әлеуметтік, компьютерлік ғылымдар, тілдерді оқыту, бизнес және менеджмент, құқық, жеке даму, психология және т.б. бағыттар бойынша 40-тан астам ЖАОК ұсынылған. 2018 жылдың желтоқсанынан бастап Open Master Class (OMC) omc.moocs.kz онлайн жобасы іске қосылды.


Open Master Class контенті – бұл түрлі қызмет саласындағы Қазақстанның беделді тұлғаларының ашық шеберлік сыныптары.



**КАЗНУ ИМ.
АЛЬ-ФАРАБИ**



**НАН
ВШК**



ҚАЗАҚСТАН АШЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҰЛТТЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ

<http://moocs.kz/>

Қазақстанда жүзеге асуы
2014 жылдан

Тыңдаушылар саны
13 000-нан аса

Берілген сертификаттар
2 000-нан аса

Нұсқаушы – бұл өз өмірін сүйікті ісіне арнағаны арқасында керемет нәтижелерге қол жеткізген, таңғалдырудан және өмір бойы үйренуден жалықпайтын жарқын тұлғалар. Өз шеберлік сыныптарында олар ашық түрде, еш бүкпесіз өздерінің пікірлерімен, тәжірибелерімен және білімдерімен бөліседі.

Технологиялық революция таяудағы онжылдықта жұмыс істеп тұрған кәсіптердің жартысының жоғалуына алып келеді. Экономиканың кәсіби келбетінің өзгеруінің мұндай жылдамдығын бірде-бір дәуір білмеген. Мұндай жағдайда жоғары білім деңгейінің арқасында мамандықты оңай өзгерте алатын жоғары білімді адам ғана табысты өмір сүре алады.

Н. Назарбаев

ТӘЖІРИБЕ МЕН ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ НАҚТЫ ӨНДІРІС, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ АРАСЫНДАҒЫ ТРАНСФЕРІ

ҚазҰУ, сондай-ақ ең алғашқылардың бірі болып ағымдағы заман талабына бейімделген және болашақ трендтерді алдын ала зерттейтін икемді білім беру бағдарламаларын енгізді, олар халықаралық агенттіктер аккредитациясынан сәтті өтті. «4.0 индустриясына» мамандар даярлау мақсатындағы экономикалық модернизациялауға бағытталған мемлекеттік даму бағдарламалары аясында білім беру үдерісіне «Е-коммерция», «Сандық лингвистика», «Big data», «Жасанды интеллект», «Геоинформатика», «Заттар ғаламторы», «Биоинформатика» сияқты жаңа оқу бағдарламалары қосылды.

Бүкіл посткеңестік елдер аумағында тұңғыш рет Астана халықаралық қаржы орталығы және Катардағы Бенхалиф университетімен бірлесе исламдық қаржы жөніндегі бағдарлама жүзеге асырылуда. Жоғары оқу орны нақты өндіріс, ғылым және білім саласы арасындағы тәжірибе мен инновациялардың өзара трансферті орталығына айналуға.

ЖАҢА БУЫННЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ



«Сандық Қазақстан» бағдарламасы

- 1.6M100201 – ақпаратты қорғаудың криптографиялық әдістері
- 2.6M060305 – Робототехникалық жүйелер
- 3. 6M070201 – Өнеркәсіптік жүйелерді автоматтандыру
- 4.6M070204 – Бизнес сараптама және Big Data
- 5. 6M070205 – Қаржылық сараптама және Big Data
- 6. 5B060305 – Робототехникалық жүйелер
- 7. 5B070303 – Research and development
- 8.5B070504 – Деректерді өңдеу және талдау (Data Science)

Дәстүрлі базалық салаларды дамыту – 3.0 Модернизация

- 1.6M110100 – Медицина
- 2.6M060406 – Медициналық физика
- 3.6M110206 – Қоғам денсаулығын басқару
- 4.6M110207 – Қоғам денсаулығын сақтау
- 5.6M030500 – Криминалистикалық сараптамалар



«Рухани жаңғыру» бағдарламасы

- 6M012307 – Өзін-өзі тану және адамгершілік педагогика негіздері
- 6M020605 – Дін және қоғам
- 6M020606 – Постсекулярлы дәуірдегі дінтану: өзекті мәселелері
- 6M050310 – Дағдарыс және төтенше жағдайлар психологиясы
- 6M050311 – Бала психологиясы
- 6M050504 – Таяу және Орта Шығыс, Орталық Азия елдеріндегі өңірлік үдерістер
- 6M052201 – Саяси тәртіп, қақтығыс және бейбітшілік
- 6M052202 – Жаһандану және халықаралық қақтығыстар
- 6M090507 – Клиникалық жағдайдағы әлеуметтік жұмыс
- 6M090508 – Әлеуметтік жұмыстағы өкімшілік

Жаңа буынды кадрлармен қамтамасыз ету – пәнаралық білім беру

- 6M070305 – Есептік лингвистика
- 6M051503 – Мұрағаттағы және мектепке дейінгі білім берудегі ақпараттық технологиялар
- 6M030503 – Соттық-экономикалық сараптама
- 6M070106 – Биоинформатика



Әлемдік ірі жоғары технологиялық корпорациялар – Hewlett-Packard, Cisco, Konica Minolta, Fujitsu, Samsung, Alcatel, Microsoft, Intel, Касперский зертханасы, Huawei және басқалары университеттің білім беру ісіне белсенді түрде атсалысады және өздерінің ғылыми білім беру орталықтарын ашты.

**ТЕХНОЛОГИЯ ТРАНСФЕРІ:
ҚАЗҰУ-ДАҒЫ ӘЛЕМДІК ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КОМПАНИЯЛАР**

16


Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында әлемдік компаниялардың ғылыми білім беру орталығы жұмыс істейді

- Ірі инновациялық корпорациялар компетенцияларының трансфері
- Кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру
- Оқытушылар мен білім алушылар сертификаты
- Қосымша кәсіби оқыту



ҚазҰУ білім берудің барлық сатыларында ағылшын тілінде кеңінен оқытуды алғашқы болып бастап, бүгінгі таңда университет мамандықтарының 70 % -дан астамы ағылшын тілінде оқытылады. Осыған сәйкес ҚазҰУ-да еліміз бойынша ең көп шетелдік студенттер білім алуда.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТЫЛАТЫН МАМАНДЫҚТАР



ҚазҰУ – әлемнің озық үлгідегі үздік университеттерімен жетпістен астам қосдипломдық бағдарламаларды жүзеге асыратын Қазақстандағы жалғыз университет. Осы ретте төртінші индустриалды революция жағдайында баға жетпес интеллектуалды көшбасшы тұлғалар даярлайтын халықаралық білім беретін орта қалыптасты.




ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ә.ЖОЛДАСБЕКОВ аты
СТУДЕНТТЕР САЛЫ

ӘЛ-ФАРАБИ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ У

**ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ
НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ,
ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕ ЖАҢА ДЕРЕК КӨЗДЕР
АЙНАЛЫМЫН ЕНГІЗУ**



ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында 2018-2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру негізінде 18 ғылыми зерттеу жобасын іске асырып жатыр. Қаржыландырудың жалпы сомасы 250 млн теңгені құрайды.

Ғылыми зерттеу жобаларының тақырыптары:

1. «Ұлы Даланың тарихы мен мәдениеті» мақсатты бағдарламасы;
2. Қоғамдық сананы жаңғырту контекстінде және «Мәңгілік Ел» басымдықтарын іске асыруда медиабілім берудің ұлттық моделін әзірлеу;
3. Қоғамдық сананы жаңғырту үдерісіндегі символдық феномендер;
4. Әлемнің когнитивті бейнесі: қазақ тіліндегі ұлттық кодтар;
5. Қазақ тілінің нейрондық машиналық аударма жүйесін әзірлеу және зерттеу;
6. Ежелгі дәуірден орта ғасырға дейінгі Алтай қазақ халқының киелі кеңістігі мен жерлеу-еске алу рәсімдері;
7. Дәстүрлі ұлттық тәрбие (ұлттық код) және қазақ фольклоры мен әдебиеті материалдары негізінде рухани жаңарту;
8. Қазақстан – 2050 стратегиясы контекстіндегі Қазақстанды жаңғыртудағы мәдениет ескерткіштерінің рөлі мен орны;
9. Мұсылман мәдениетінің IX-XIV ғасырлардағы ортағасырлық картасы бойынша Қазақстанның тарихи географиясы;
10. Түркі халықтары әлемінің этнотарихи суретін қайта құрудағы мифологиялық әмбебаптар және рухани тәжірибелер;
11. Мысыр мәдениетіндегі түркі-қыпшақ қабаты;
12. Байланыс: түркі мәдениетінің әлемдік өркениетке әсері;
13. Қазақ даласының әлеуметтік трансформация ұйымы: стратификация және статустық динамика;
14. Қазақ хандығының мемлекеттік басқару институттары;
15. Қазақстан тарихының көзі ретінде жеке қорлардың құжаттары;
16. Цифрлық экономикаға көшу жағдайында Қазақстан Республикасының туризм саласын әртараптандыру: стратегиялар мен іске асыру тетіктері
17. Қалба-Нарым металлургия ошағы және оның Шығыс Қазақстанның қола және ерте темір дәуірінің мәдениетаралық байланыстар жүйесіндегі орны;
18. Аридті аймақтарда сумен жабдықтаудың дәстүрлі әдістері: этнологиялық және геоархеологиялық тәсілдер.



Алматының электронды атласы

«Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру аясында GIS технологияларды және ЖҚЗ пайдалана отырып әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Сорбонна-Қазақстан институтымен, Орталық Азияның Француз зерттеу институтымен (IFEAC) бірлесіп, Алматы қаласының мәдени-географиялық атласын – тақырыптық интерактивті карталар кешенін құру бойынша жобаны енгізуде.




Алматы – мыңжылдық тарихы бар қайталанбас қала. Мұнда сәулет пен мәдениеттің бірегей ескерткіштері, көне және қызықты көрікті жерлер шоғырланған. Қала шетелдік және отандық саяхатшылар үшін туризм орталығы болып табылады және бұл жоба Алматы қаласының сипаттамасын цифрлық технологиялардың көмегімен көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның табиғи және мәдени мұрасының сандық картасы

«Қазақстанның киелі географиясы» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Қазақстанның табиғи және мәдени мұрасының сандық картасын әзірлеу жүргізілуде. Қазақстан нысандары мен кешендерінің сандық картасы пайдаланушыларға мынадай мүмкіндіктер береді:

- әр түрлі масштабты сатыларда жеке фрагменттерді және барлық сандық картаны басып шығаруды жүзеге асыру;
- белгілі семантикалық сипат нысандарын іздеу және сұрауларды орындау;
- жергілікті жердің үшөлшемді модельдерін құру арқылы оңтайлы көрсетілімге қол жеткізу.



Бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ. Олар әлемнің бүкіл архивтерінде өз іздеушісі мен зерттеушісін күтіп жатыр.

Н. Назарбаев

СИРЕК ЖӘНЕ ҚҰНДЫ БАСЫЛЫМДАР ҚОРЫ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасының сирек қоры – IX ғасырдан бері раритеттердің бірегей жиынтығы бар Орталық Азия жоғары оқу орындары кітапханаларының арасында ең ірі кітапхана. Қор көлемі – 19 000-нан астам.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында университеттің іздеу-зерттеу жұмысы ұйымдастырылды. 2 жыл ішінде қор әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласында ҒЗЖ өткізу үшін түркі-мұсылман әлемінің рухани өмірі, тарихи жағдайы және өзара байланысы туралы 500-ден астам сирек

және құнды ақпарат көздерімен толықтырылды.

Сирек қолжазбалар Иордания, Түркия, Египет және т.б. елдерден, сондай-ақ жеке тұлғалардан алынған. ҚазҰУ-дың тарихшылары, мұрағатшылары, түркітанушылары және мәдениеттанушылары алдыңғы қатарлы шетелдік ғалымдармен бірлесе отырып жүйелі негізде бірегей құжаттардың мазмұнын талдау жұмыстарын жүргізеді.





Бізге «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаны қолға алу қажет. Бұл жоба аясында 2019 жылы Астанада Түркологтардың дүниежүзілік конгресін ұйымдастыру керек...


Н. Назарбаев

БІРІНШІ ТҮРКІТАНУ СЪЕЗІНІҢ СТЕНОГРАФИЯЛЫҚ ЕСЕБІН ҚАЙТА БАСУ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 1926 жылы Баку қаласында шығарылған «Тұңғыш Бүкілодақтық түркология съезі. Стенографиялық есеп» атты кітаптың тұсауы кесілді.

Бірегей және раритетті кітапты қайта шығару туралы келісімге ректор Ғалым Мұтановтың басшылығымен ҚазҰУ делегациясының 2018 жылдың желтоқсан айында Әзірбайжанға сапары барысында қол жеткізілді. Басылым 1926 жылы Бакуде өткен тарихи Түркология съезінің жүз отыз қатысушысының сөйлеген сөздерінің стенограммаларының жинағын құрайды. Олардың арасында А. Байтұрсынов басшылық еткен қазақ делегациясы да болған.

Көптеген жыл бойы бұл кітап үлкен оқырмандар үшін белгісіз болды. Түркологтардың съезінде бүкіл әлем түріктері жазбаларының бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеу мәселесі талқыланды. Бұл тақырып бүгін де өзектілікке ие. Бірегей және раритетті кітаптың тұсаукесері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Мәдениеттерді жақындастыру орталығы мен А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты бірлесе отырып өткізген «Түркі жазуы: руннан латын әліпбиіне дейін» атты дөңгелек үстел барысында орын алды.



«Ұлы дала» атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашуға толық мүмкіндігіміз бар. Оған озық өнер мен технология үлгілерін – аң стилінде жасалған бұйымдарды, «Алтын адамның» жарақтарын, жылқыны қолға үйрету, металлургияны дамыту, қару-жарақ, сауыт-сайман дайындау үдерісін көрсететін заттарды және басқа да жәдігерлерді жинақтауға болады...

Н. Назарбаев

«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» МҰРАЖАЙЫ



2018 жылдың 28 қарашасында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» атты мұражайдың ашылуы болды, онда Елбасының мақаласында көрсетілгендей, қазақтардың 7 мұрасын және ата-бабалардың озық білімі мен технологияларын бейнелейтін символдар қойылған.

Мұнда Қазақстан аумағында ҚазҰУ археологтары тарапынан табылған дала өркениетінің жоғары деңгейін көрсететін бірегей тарихи артефактілер ұсынылған.



Бұл сәндік-қолданбалы өнер ескерткіштерінің көшірмелері және Қазақстанның ежелгі тарихының әртүрлі кезеңдерінің археологиялық олжалары: Күлтегін, Көк бөрі, Тоныкөк ежелгі түрік жазбалары, Аралтөбе сармат кезеңінің «алтын адамы», IX-XI ғасырлардағы қимақ кезеңіне жататын жылқы әбзелдері, Шілікті және Жалаулы ескерткіштерінің арасынан табылған, Алтын бейнелермен әшекейленген сақ кезеңіндегі кіреберіс есіктер және тағы басқалар.

Сондай-ақ мұражайда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы зерттеу барысында ҚазҰУ ғалымдары алғаш рет тапқанша ғылымға беймәлім болған жәдігерлер орналастырылған.



«Еуропацентристік» көзқарас сақтар мен ғұндар және басқа да бүгінгі түркі халықтарының арғы бабалары саналатын этностық топтар біздің ұлтымыздың тарихи этногенезінің ажырамас бөлшегі болғаны туралы бұлтартпас фактілерді көруге мүмкіндік берген жоқ.



ХУННУ ӘЛІПБИ

Н. Назарбаев

ХҰНДАРДЫҢ БІРЕГЕЙ ӘЛІПБИ

胡 奴 文 字												
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31	32	33	34	35	36	37	38	39
40	41	42	43	44	45	46	47	48	49	50	51	52
53	54	55	56	57	58	59	60	61	62	63	64	65
66	67	68	69	70	71	72	73	74	75	76	77	78
79	80	81	82	83	84	85	86	87	88	89	90	91
92	93	94	95	96	97	98	99	100	101	102	103	104
105	106	107	108	109	110	111	112	113	114	115	116	117
118	119	120	121	122	123	124	125	126	127	128	129	130
131	132	133	134	135	136	137	138	139	140	141	142	143

Хұндардың әліпбиі – ҚазҰУ-дағы «Ұлы даланың жеті» мұражайының сенсациялық экспонаты. Университет Қазақстанда алғаш болып осы әліпбиді қоғамға таныстырды.

Әліпби 136 әріптен тұрады, оны Венгрия, Германия, Болгария, Қытай, Норвегия, Моңғолия және Ресейдегі археологиялық олжалар бойынша Қытай ғалымдары құрастырды. Бұл – хұн, сақ және түркітөктес этникалық топтар ұлтымыздың этногенезінің бір бөлігі болғандығының және әлемдік маңызы бар аса көрнекті мәдени және тарихи мұраны қалдыруының бірегей дәлелі.

АЙБАТТЫ АТТИЛА ТУРАЛЫ ФРЕСКА

Тұңғыш рет ҚазҰУ ғалымдары Ватикан мұражайының географиялық карталарының галереясынан XVI ғасырдағы «S. Leo Pont. Max. Attila. Furentem. Reprimit» фрескасын тапты.

Бұл сурет әлі күнге дейін Ғұн империясы, Рим және Ватиканның бірде-бір» әйгілі басылымдарында кездеспеді.







«ҚАЗАҚ ЕЛІ» ТАРИХИ КӨРКЕМДІК КЕШЕНІ

«Ұлы даланың жеті қыры» мұражайы «Қазақ Елі» университеттік тарихи көркемдік кешенінің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Алаш мұраты» атты зал ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының тәуелсіздігі үшін ұлт-азаттық күресінің негізгі кезеңдерін бейнелейді. Ал «Мәңгілік Ел» атты көркемдік панорамасында Ұлт көшбасшысы – еліміздің Тұңғыш Президентімен бірлесе отырып ғасырлар бойғы аңсаған тәуелсіздік пен егемендікке қол жеткізу туралы арманының жүзеге асырылуын көрсететін тарихи бейнелер мен заманауи шындықтар келтірілген.








Отандық мәдениет БҰҰ-ның алты тілі – ағылшын, орыс, қытай, испан, араб және француз тілдерінде сөйлеуі үшін мақсатты ұстаным болуы шарт.

Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек.

Н. Назарбаев

«АЙҚАП» ЖУРНАЛЫ

Университет қазақтың алғашқы қоғамдық-саяси және әдеби-сыни «Айқап» журналын қайта жандандырды (Журнал Троицк қаласында 1911 жылдың қаңтарынан 1915 жылдың тамызына дейін жарық көрді. Негізін қалаушы және редактор жазушы публицист, демократ М. Сералин). «Айқап» өмірінің үзік желісі қазір жаңа тұрпатқа ие болып, бүгінде «Айқап» журналы ҚазҰУ-да шетелдік жетекші ғалымдар мен қайраткерлердің қатысуымен халықаралық журнал мәртебесінде жарық көреді.



Еуразия түркологиясы, Қазақстанның тарихы мен этномәдениеті, Орталық Азияның сыртқы әлеммен мәдениетаралық байланыстары, мұрағат материалдары, поэзия, жас дарындардың прозасы және басқа да мәселелерді қозғайтын басылым «Мәңгілік Ел» патриоттық акт арнасында ұлттық-мәдени мұраның бай қазынасының кең спектрімен, тереңдігімен ерекшеленеді. Бүгінде басылым Қазақ елінің үдемелі дамуына және Қазақстан Республикасының мәдениетін, білімін және ғылым жетістіктерін әлемдік ақпараттық кеңістікте ілгерілетуге мүдделі көпшілік оқырман аудиториясын жинап үлгерді.



Еліміздің географиялық тұрғыдан ұтымды, яғни Еуразия құрлығының кіндігінде орналасуы ежелден әртүрлі мемлекеттер мен өркениеттер арасында транзиттік «дәліздердің» пайда болуына септігін тигізді.


Н. Назарбаев

ЖІБЕК ЖОЛЫ УНИВЕРСИТЕТТЕР ЖЕЛІСІНІҢ ЖАЗҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КАМПУСЫ

ҚазҰУ Жамбыл облысының Шу ауданындағы Ақтөбе (Баласағұн) қалашығының жанынан Жібек жолы университеттерінің халықаралық археологиялық кампусын құру жобасын жүзеге асыруда.

Жобаның мақсаты: Ұлы Жібек жолын зерттеудегі археология, антропология, этнология және музейтану саласындағы жетекші шетелдік ғылыми мектептермен тиімді ынтымақтастық орнату. Ақтөбе (Баласағұн) ортағасырлық қонысы Ұлы Жібек жолы бойында (VI-XIII ғ.) және Батыс Қытай – Батыс Еуропа халықаралық магистралінде орналасқан.


Ортағасырлық түркі мемлекеттерінің астанасы (Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты, Қараханидтер мен Қарақытай мемлекеті) ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұрасының тізіміне кіреді. Әлі де зерттелмеген қорғандар мемлекет қорғауына алынған.



ХОРЕЗМ

ФЕРҒАНА

ШЫҒЫ
ТҮРКІСТАН







ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ә.ЖОЛДАСБЕКОВ аты
СТУДЕНТТЕР САЛЫ

ӘЛ-ФАРАБИ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ У

**УНИВЕРСИТЕТКЕ ЕСІМІ БЕРІЛГЕН
ҰЛЫ ОЙШЫЛ ӘЛ-ФАРАБИ
МҰРАСЫН НАСИХАТТАУ**



*Орта ғасырдағы Отырар қаласы
әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі –
Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелді.*

Н. Назарбаев

ӘЛ-ФАРАБИ – ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМІ

Ұлы ғұламаның есімін иеленген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әл-Фараби идеяларын Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ әлемдік ауқымда насихаттауда өз миссиясын орындап келеді.

- ҚазҰУ жыл сайын таяу және алыс шетелдердің белгілі сарапшылары мен ғалымдары, фарабитанушылары арасында әлемдік диалог алаңына айналған Халықаралық Фараби форумын өткізеді.

- ҚазҰУ әл-Фараби еңбектерін жариялау, аудару және ұлы ойшылдың мұрасын насихаттау бойынша зерттеу жұмыстарын жүзеге асырады.

- Тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де кеңінен танымал болған әл-Фараби мұражайы құрылды.

- Әлемнің 12 жетекші университетінде әл-Фараби орталығы ашылды.

- ҚазҰУ әл-Фарабидің мерейтойын ЮНЕСКО-ның атаулы даталар қатарына енгізу мен 2020 жылды ұлы ойшылдың 1150 жыл толу құрметіне орай Әбу Насыр әл-Фараби жылы деп жариялауды ұсынды.





Біздің даңқты батырларымыз, ойшылдарымыз бен ел билеушілеріміз – тек Қазақстан ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша еліктеуге лайықты тұлғалар... Бұл бағытта қазақстандық ғалымдармен қатар шетелдік мамандар да тартылатын халықаралық көпбейінді ұжым құруға болады.

Н. Назарбаев

«ӘЛ-ФАРАБИ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАР ЖЕЛІСІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ халқының мәдениеті мен қазақ тілі оқытылатын, Голландия, Түркия, Иордания, Италия, Қытай, Египет және басқа елдердің 12 жетекші шетелдік университетінде «Әл-Фараби» орталықтарын ашты және олардың базасында университет филиалдарын құру бойынша жұмыстар да жүргізілуде.


ШЕТЕЛДЕГІ «ӘЛ-ФАРАБИ» ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖЕЛІСІ			
 <p>ЕГИПЕТ Каир университетіндегі әл-Фараби орталығы</p>	 <p>ГЕРМАНИЯ Росток университетіндегі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ зертханасы</p>	 <p>ИТАЛИЯ Венециядағы Ка Фоскари университетінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ орталығы</p>	 <p>ЖАПОНИЯ Цукуба университетімен бірге Кампустағы кампус жобасы</p>
 <p>РЕСЕЙ Қолданбалы биотехнология халықаралық ғылыми зерттеу зертханасы</p>	 <p>ҚЫТАЙ Шанхай шет тілдер университетіндегі ҚазҰУ-дың Қазақстан орталығы</p>	 <p>ҚЫТАЙ Пекин шет тілдер университетіндегі ҚазҰУ-дың Қазақстан орталығы</p>	 <p>ПӘКІСТАН Карачи қаласы институтындағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ зертханасы</p>
 <p>БОЛГАРИЯ София қаласындағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ орталығы</p>	 <p>ТҮРКИЯ Ыстанбул университетіндегі Әл-Фараби еуразиялық зерттеу орталығы</p>	 <p>ИОРДАНИЯ Иордания университетіндегі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ орталығы</p>	 <p>ИРАН Шахид Бехешти атындағы университетіндегі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ орталығы</p>

ӘЛ-ФАРАБИ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТІ ФИЛЬМДЕР ЦИКЛІ


Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Голландия және Түркия медиакомпанияларымен бірлесе отырып, ұлы ойшылдың өмірі мен қызметіне арналған деректі фильмдер топтамасын жасады:

«Әл-Фараби – Екінші ұстаз»
«Әл-Фараби – Өркениет ойшылы»

«Әл-Фараби – Өркениет философы»
«Ұстаздың оралуы»









ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ЖОЛДАСҚЫЗОВ аты
СТУДЕНТТЕР САЛМЫ

ӘЛ-ФАРАБИ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ У

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАРДАРЛАМАСЫН
АЛҒА ЖЫЛЖЫТУ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУҚЫМДАҒЫ БІРЕГЕЙ
ЖЕТІСТІКТЕРІ**



Әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында.

Н. Назарбаев

«УНИВЕРСИТЕТ 4.0» – ЖАҢА БУЫН УНИВЕРСИТЕТ МОДЕЛІ

Бүгінде ҚазҰУ-дың дамуы Қазақстанның Бірінші Президенті алға қойған әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруге өз үлесін қосу және әлемнің ең үздік 200 университетінің санатына енумен байланысты. Университеттер адам капиталын қалыптастырудың субъектісі ретінде жаңғырту үдерістерінің және елдің инновациялық дамуының драйвері болуы тиіс.


Осыған орай, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақстандық жоғары білім беру флагманы ретінде жаңа буын университетінің – «Университет 4.0» моделін жасады. Бұл модель ұлы ойшыл әл-Фараби идеялары негізінде және инновациялық жүйе мен жаңаша көзқарас «өсу нүктесінің» негізіне айналған жоғары технологиялық және рухани-адамгершілік платформаларының симбиозын құрайтын «Al-Farabi University Smart City» тұжырымдамасы бойынша жүзеге асырылады.





Кластерлік тұрғыдан кешенді құрылымдық модернизациялау және нәтижелерге негізделген басқару жүйелерін енгізу – «Университет 4.0» төрт маңызды миссиясын тиімді түрде жүзеге асыруға ықпал етті. Бұлар – білім беру, зерттеулер жүргізу, инновацияларды өндіріске енгізу және жоғары білікті мамандарды елінің және әлемнің азаматы ретінде рухани адамгершілік тұрғыда тәрбиелеу.

УНИВЕРСИТЕТТЕР ЭВОЛЮЦИЯСЫ




УНИВЕРСИТЕТ 4.0



«УНИВЕРСИТЕТ 4.0» МОДЕЛІН ӘЛЕМДІК ҚОЛДАУ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб пәтерінде өткен Өркениеттер Альянсы форумында өзінің «Университет 4.0» моделін таныстырды, нәтижесінде оны әлемдік деңгейде кеңінен тарату ұсынылды.

Жоба, сонымен қатар Израиль, Австрия, Египет, Ресей, Беларусь елдерінде халықаралық қоғамдастықтың қолдауына ие болды және заманауи кезеңдегі әлемдік трендтерге жауап беретін университеттер дамуының перспективті үлгісіне айналуда. Бүгінде жоғары оқу орындарының көшбасшысы ретінде ҚазҰУ-дың прогрессивті бастамалары өзге де жоғары оқу орындарына кеңінен енгізілуде.





«ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ АЗАМАТТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ МИССИЯСЫ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОБА

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында БҰҰ Өркениеттер Альянсының Жоғары төрағасы Насир Абдулазиз Аль-Насер мен университет арасындағы келісім негізінде ҚазҰУ «Қайырымды қоғам азаматтарын қалыптастыру. Қазіргі заманғы университеттердің миссиясы» атты халықаралық жобаны жүзеге асыруда.



Жобаның негізгі бағыттары:

- қоғамның үйлесімді дамуына ықпал ететін ізгілік құндылықтарын жастардың бойына дағдыландыру арқылы гуманитарлық және мәдениетаралық білім беру моделін енгізу;
- жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлік пен ұлттық мәдени кодты сақтау жөніндегі бағдарламаларды енгізу;
- жаһандық азаматтықты қалыптастыру;
- қоғамға қызмет етуге үйрену;
- қазіргі ақпараттық соғыстар жағдайында сыни ойлауды және медиасауаттылықты дамыту.



ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ФОРУМДАР

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының негізгі бағыттары мен жобалары 2019 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өтетін әлемдік деңгейдегі іс-шаралар барысында талқыланатын болады:



«Адами мұра және жоғары технологиялар үйлесімі негізінде жетілу» атты QS World Wide-2019 дүниежүзілік көрме-конференциясы



Жібек жолы университеттері желісінің Бас Ассамблеясы



Әлем университеттерінің әлеуметтік жауапкершілік желісі үшін халықаралық Workshop



ҚазҰУ алаңында мыңға жуық академиялық топтардың көшбасшылары, алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының басшылары мен білім мен ғылымның барлық бағыты бойынша әлемнің ең танымал ғалымдары бас қосады. Бұл ҚазҰУ-дың ғана емес, сонымен қатар Қазақстан жоғары білім беру жүйесінің әлемдік биік көрсеткіші деп білеміз.

Еліміздің жетекші университетінде аталмыш іс-шараларды өткізу – интернационализация үдерісіне және біздің мемлекетіміздің жоғары білім беруінің экспортына оң ықпал етіп, еліміздің Бірінші Президенті алға қойған әлемнің ең үздік 200 университетінің санатына ену тапсырмасын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**ÁL-FARABI QAZAQ ULTTYQ
ÝNIVERSITETI**

ҚАЗАҚ
ҰАЛҒЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
85
ЖЫЛ

QS STARS
RATED FOR EXCELLENCE

QS WORLD UNIVERSITY RANKINGS®

Rank
207
2019



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ЖОЛДАСҚЫЗОВ аты
СТУДЕНТТЕР САЛМЫ

ӘЛ-ФАРАБИ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ У

66

ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ҮЙЛЕСТІРУ БОЙЫНША ШАРАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ





Заманауи жаһандық ахуалда ұлттық бірлік – әлеуметтік бірлік, ал қалыптасқан мемлекет – әлеуметтік мемлекет. Біз әлеуметтік мемлекет пен ұлттық өркендеудің шынайы, әрі сындарлы қазақстандық моделін міндетті түрде бірге жасайтынымызға сенімдімін.

Н. Назарбаев

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Университеттердің әлеуметтік жауапкершілігі қоғамдық қатынастарды үйлестіру мен әлеуметтік мемлекетті дамытудың маңызды факторы болып табылады. Осыған байланысты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филантропия дәстүрлерін қазақстандық қоғамның ажырамас бөлігі мен нормасына айналдыруға ықпал ететін студенттер, қызметкерлер және қоғам алдында әлеуметтік жауапкершілік тәжірибесін таратудың пәрменді тетіктерін әзірлеп, енгізді.

ҚазҰУ-да студенттер мен қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің өткірлігін төмендету бойынша шаралар жүйесін қарастыратын әлеуметтік пакет іске асырылуда:


- мемлекеттік грант иелене алмаған «Алтын белгі» иегерлерінің үздік үлгерімі жағдайында тегін оқу;
- отыз пән бойынша өтетін әл-Фараби пәндік олимпиадасында 1, 2, 3-орын иеленген жеңімпаздарға грант бөлу;
- үздік оқыған және әлеуметтік жағдайы төмен топтағы «үздік» және «жақсы» оқыған студенттердің оқу ақысына 25 % жеңілдік беру;
- университет қызметкерлері балаларының оқу ақысына 15 % жеңілдік;
- аз қамтылған отбасынан шыққан студенттерді оқу-көмекші қызметтер мен студенттік құрылыс жасақтары құрамына жұмысқа орналастыру;
- ҚазҰУ-дың Ыстық көлдегі спорттық-сауықтыру лагеріне 200 тегін жолдама беру, емдеу шипажайлары мен мектеп лагерьлеріне жолдама алу үшін дотациялар;
- қызметкерлердің орта мектептерде оқитын балаларына кеңсе тауарлары мен жаңа жылдық сыйлықтар тарату.

Жыл сайын университетте аз қамтылған отбасылардан шыққан талантты студенттерге шәкіртақылар табыстау үшін сырттан 150 млн теңгеге дейін қаржы тартылады.

Студенттердің ғылыми ізденістерін ынталандыру мақсатында жыл сайын студенттік ғылымды қолдау үшін ғылыми зерттеулерге берілетін қаржының 10 пайызы бөлінеді. Ол жыл сайын 390 млн теңге көлемін құрайды.




Аз қамтылған отбасылардан шыққан талантты студенттерді қолдау үшін демеушілік қаржы тарту (млн теңге)



«ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУ» БОЙЫНША ЖОБАЛАР

Университет орталықтары мен қызметтері әлеуметтік, гуманитарлық, ақпараттық технологияларды әзірлеу және жүзеге асыру арқылы халықтың түрлі мақсатты топтарымен жұмыс істейді. Олардың қызметі жергілікті қоғамдастықтың өзекті әлеуметтік мәселелерін анықтауға және шешуге, халыққа құзыреттілікті беруге және қоршаған әлеуметтік ортаны оңтайландыруға бағытталған.

Университеттің жергілікті қоғамдастықпен өзара қатынасы



Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін тегін заңгерлік және психологиялық кеңестер ұйымдастырылды, «әлеуметтік қауіп» топтарымен әлеуметтік жұмыс жүргізілуде, зейнеткерлерді компьютерлік сауаттылыққа оқыту, сотталғандарды қашықтықтан оқыту, сотқа дейінгі реттеу және дауларды медиация және келісу рәсімдері әдістерімен шешу және тағы басқалар жүргізіледі.

3 мыңнан астам студенті бар «Көмек» еріктілер қозғалысы «қоғамға қызмет ету» және жетім балаларға, қарттарға және мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмек көрсету бойынша жобаларды іске асыруда.






*Бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады.
Әбу Насыр әл-Фараби*

Университеттің әлеуметтік жауапкершілік тәжірибесі жоғары деңгейде мойындалды: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ТМД жоғары оқу орындарының бірі болып, әлемнің әлеуметтік жауапкершілігі жоғары оқу орындарының беделді халықаралық желісі – University Social Responsibility Network (USRN) мүшелігіне қабылданды.

Халықтың басты жетістігі Президенттің басшылығымен Қазақстан тәуелсіздігін сақтау және нығайту болып табылады.

Біздің ортақ мақсатымыз – әлемдік экономиканың турбуленттілігіне және күшейіп келе жатқан жаһандық сын-қатерлерге қарамастан Мәңгілік Ел құндылықтары негізінде Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу.

АҚЫЛДЫ УНИВЕРСИТЕТТЕР – ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ АЗАМАТТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЛОКОМОТИВТЕРІ



**БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС:
ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ
ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ
УНИВЕРСИТЕТ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ
ДРАЙВЕРІ РЕТІНДЕ**

Пішімі 60x84 1/16. Офсеттік қағаз. Сандық басылым.
«Қазақ университеті» баспа үйі
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғ., 71. ҚазҰУ.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.